


«БЖЗҚ» АҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАСҚАРУ БОЙЫНША АҚПАРАТ

2022 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – ҚРҰБ) сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ зейнетақы активтері (бұдан әрі – ЗА) 14 095,38 млрд.¹ теңгені құрады.

Уәкілетті операторлардың инвестициялық портфельді басқарушыларға тапсыруы және өтініш берушілердің арнайы шоттарына есептеуі үшін БЖЗҚ орындаған БЗТ көлемі ағымдағы жылдың қыркүйек айында 10,0 млрд.теңгені құрады, 2022 жылдың басынан бері 859,0 млрд.теңгені, 2021 жылғы ақпаннан бастап бүкіл кезеңде 3,46 трлн. теңгені құрады.

Зейнетақы жинақтарын шешіп алулар көлемі, млрд.теңге



БЖЗҚ зейнетақы активтерінің есебінен құрылған қаржы құралдарының инвестициялық портфелінің құрылымы 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте. Қаржы құралдарының бөлігінде ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА инвестициялық портфелінің құрылымы

Атауы	01.01.2022 жылға ағымдағы құны	01.01.2022 жылға үлесі	01.10.2022 жылға ағымдағы құны	01.10.2021 жылға үлесі	Жыл басынан өсуі/төмендеуі
ҚР ҚМ МБҚ	5 104,82	39,13%	6 477,39	45,95%	26,89%
Шетелдік мемлекеттердің МБҚ	855,31	6,56%	170,05	1,21%	-80,12%
ХҚҰ	407,31	3,12%	382,32	2,71%	-6,14%
ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары	18,19	0,14%	15,28	0,11%	-16,02%
ҚР квазимемлекеттік ұйымдардың облигациялары	1 670,05	12,80%	1 725,87	12,24%	3,34%
ҚР ЕДБ облигациялары	1 046,62	8,02%	929,12	6,59%	-11,23%
Шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигациялары	3,93	0,03%	6,80	0,05%	73,03%
PPN (құрылымдық ноттар)	10,70	0,08%	11,88	0,08%	10,99%
ҚР эмитенттерінің акциялары және депозитарлық колхаттары	304,07	2,33%	249,23	1,77%	-18,03%
Депозиттер	251,71	1,93%	197,09	1,40%	-21,70%

¹ зейнетақы жарналары мен төлемдері шоттарындағы ақшаны есепке алмағанда

ҚРҰБ депозиттері	127,00	0,97%	146,70	1,04%	15,51%
Шетел банктеріндегі депозиттер	-	-	693,25	4,92%	
Инвестициялық шоттардағы ақшалай қаражат	434,40	3,33%	18,39	0,13%	-95,77%
РЕПО	215,74	1,65%	107,54	0,76%	-50,15%
Басқа да активтер	-	-	-	0,00%	
Активтерді индекстік басқару, оның ішінде:	3 028,36	23,21%	2 964,47	21,03%	-2,11%
Дамыған елдердің МБҚ	1 068,35	8,19%	1 088,97	7,73%	1,93%
Дамушы елдердің МБҚ	577,50	4,43%	493,89	3,50%	-14,48%
Сыртқы басқарудағы активтер	1 382,50	10,60%	1 381,60	9,80%	-0,06%
ҚРҰБ басқаруындағы ЗА жиынтығы	13 046,57*	100,00%	14 095,38	100,00%	8,04%
Жасалған мәмілелер бойынша төлеуге міндеттемелер	431,64				
Зейнетақы жарналары мен төлемдері шоттарындағы ақша	25,87		4,02		
Зейнетақы активтерінің жиынтығы	13 504,08		14 099,39		4,41%

*431,64 млрд.теңге сомасына жасалған мәмілелер бойынша төлемге міндеттемелер есебімен

БЖЗҚ ЗА инвестициялық портфеліндегі борыштық қаржы құралдарын өтеуге орташа алынған кірістілік (ҮТМ) 01.10.2022 жылғы жағдай бойынша жылдық 10,1% құрады, оның ішінде теңгеге номинирленген – жылдық 11,7%, шетелдік валютада – жылдық 4,1%.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары

БЖЗҚ ЗА портфелінде негізгі үлесті ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ құрайды, олардың есептік айдағы ағымдағы құны 241,57 млрд. теңгеге ұлғайды және 6 477,39 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 45,95% құрады.

Қарастырылып отырған кезеңде орташа алынған кірістілігі жылдық 14,36% құрайтын 195,10 млрд.теңге көлемінде ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ сатып алынды. ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ сатылған жоқ және өтелген жоқ.

Есептік күнге теңгеге номинирленген ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ бойынша өтеуге орташа алынған кірістілік жылдық 11,6%, АҚШ долларымен – жылдық 3,4% құрады.

Өтімділіктің қосалқы портфеліндегі шетелдік мемлекеттердің мемлекеттік бағалы қағаздары

Есептік ай үшін өтімділіктің қосалқы портфеліндегі шетелдік мемлекеттердің мемлекеттік бағалы қағаздарының ағымдағы құны 29,26 млрд. теңгеге ұлғайды және 170,05 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 1,21% құрады.

Есептік кезеңде 118,12 млрд.теңге сомасына АҚШ МБҚ өтелді.

Қарастырылып отырған кезеңде орташа алынған кірістілігі жылдық 2,89% құрайтын 148,14 млрд.теңге көлемінде қысқа мерзімді АҚШ МБҚ сатып алынды.

Шетелдік мемлекеттердің мемлекеттік бағалы қағаздарын сату болған жоқ.

Есептік күнге БЖЗҚ ЗА валюталық портфелінің өтімділіктің қосалқы портфеліндегі шетелдік мемлекеттердің МБҚ өтеуге орташа алынған кірістілігі жылдық 3,0% құрады.

Халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялары

Есептік айда халықаралық қаржы ұйымдары облигацияларының ағымдағы құны 5,59 млрд. теңгеге ұлғайды және 382,32 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 2,71% құрады.

Қарастырылып отырған кезеңде 19,30 млрд.теңге сомасына Еуразиялық даму банкінің еурооблигациялары бойынша негізгі борышы төленді (алдыңғы айда ағымдағы құны төмендеді).

Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары сатып алынбады және сатылмады.

Халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларын өтеуге орташа алынған кірістілік теңгеге номинирленген сыйақының белгіленген мөлшерлемесімен жылдық 9,45%, сыйақының индекстелген мөлшерлемесі – инфляция және сыйлықақы құрады.

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі депозиттер

Орташа алынған өтеу мерзімі 1,94 жыл болатын ҚР ЕДБ салымдарының ағымдағы құны есептік айда 4,14 млрд. теңгеге азайды және 197,09 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 1,40% құрады.

ҚР ЕДБ салымдары орналастырылмады және өтелмеді.

Есептік күнге ҚР ЕДБ салымдарын өтеуге орташа алынған кірістілік жылдық 9,1% құрады.

ҚР Ұлттық Банкіндегі депозиттер

Есептік күнге ҚР Ұлттық Банкіндегі депозиттердің ағымдағы құны 146,70 млрд.теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 1,04%.

Есептік айда ағымдағы өтімділікті басқару аясында зейнетақы активтері бойынша табыстылықты ұстап тұру мақсатында ҚР Ұлттық Банкінің депозиттеріне инвестиция салынды. Мәмілелердің орташа көлемі жылдық 13,50% орташа алынған кірістілікпен 212,00 млрд. теңгені құрады.

Шетелдік банктердегі депозиттер

Есептік күнге шетелдік банктердегі депозиттердің ағымдағы құны 693,25 млрд.теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 4,92%.

Есептік айда жалпы сомасы 301,78 млрд.теңгеге шетелдік банктердегі салымдар өтелді.

Есептік кезеңде валюталық портфельдің кірістілігін ұстап қалу мақсатында 1 айдан бастап 2 айға дейінгі өтеу мерзімімен және жылдық 2,95% кірістілікпен жалпы сомасы 282,48 млрд.теңгеге АҚШ долларына номинирленген шетелдік банкке салымдар орналастырылған.

Қазақстан Республикасы эмитенттерінің корпоративтік облигациялары

Есептік айда ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигацияларының ағымдағы құны 0,23 млрд. теңгеге азайды және 15,28 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 0,11% құрады.

Қарастырылып отырған кезеңде ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары сатып алынбады, сатылмады және өтелмеді.

Қазақстан Республикасы квазимемлекеттік ұйымдардың облигациялары

Есептік айда ҚР квазимемлекеттік ұйымдардың облигацияларының ағымдағы құны 11,55 млрд. теңгеге ұлғайды және 1 725,87 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 12,24% құрады.

ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының бағалы қағаздары сатып алынбады, өтелмеді және сатылмады.

Есептік күнге ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары бойынша өтеуге орташа алынған кірістілік теңгеге номинирленген жылдық 10,9%, АҚШ долларына – жылдық 5,5% құрады.

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің облигациялары

Есептік айда ҚР ЕДБ облигацияларының ағымдағы құны 4,93 млрд.теңгеге ұлғайды және 929,12 млрд.теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 6,59% құрады.

Есептік кезеңде ҚР ЕДБ облигациялары сатылмады, өтелмеді және сатып алынбады.

Есептік күнге ҚР ЕДБ облигациялары бойынша өтеуге орташа алынған кірістілік жылдық 10,5% құрады.

Шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигациялары

Шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигацияларының ағымдағы құны 6,80 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 0,05% құрады.

Шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигациялары сатып алынбады, сатылмады және өтелмеді.

Есептік күнге БЖЗҚ ЗА портфелінде шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигацияларын өтеуге орташа алынған кірістілік жылдық 9,4% құрады.

Шетелдік эмитенттердің PPN (құрылымдық ноталары)

Есептік айда шетелдік эмитенттердің PPN (құрылымдық ноталар) ағымдағы құны 11,88 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 0,08% құрады.

Шетелдік эмитенттердің PPN (құрылымдық ноталар) сатылмады, өтелмеді және сатып алынбады.

Қазақстан Республикасы эмитенттерінің акциялары және депозитарлық қолхаттары

Есептік айда ҚР эмитенттері акцияларының және депозитарлық қолхаттарының ағымдағы құны 27,02 млрд. теңгеге азайды және 249,23 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 1,77% құрады.

Қарастырылып отырған кезеңде ҚР эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттары сатып алынбады және сатылмады.

Валюталық құрылым

БЖЗҚ зейнетақы активтерінің есебінен сатып алынған қаржы құралдары номиналданған валюталар бөлігінде қаржы құралдарының инвестициялық портфелі 2-кестеде келтірілген.

Есептік кезеңде Қазақстан қор биржасында шетелдік валютамен сатып алу-сату мәмілелері жасалған жоқ.

2-кесте. Валюталар бөлігінде ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА инвестициялық портфелінің құрылымы

Валюта	<i>млрд. теңге</i>				
	01.01.2022 жылға ағымдағы құны	01.01.2022 жылға үлесі	01.10.2022 ж. ағымдағы құны	01.10.2022 ж. үлесі	Жыл басынан өсуі/төмендеуі
Ұлттық валюта	8 770,15	67,22%	9 890,55	70,17%	12,78%
АҚШ доллары	4 267,46	32,71%	4 193,32	29,75%	-1,74%
Ресей рублі	8,41	0,06%	11,00	0,08%	30,90%
Басқа валюта	0,55	0,00%	0,51	0,00%	-8,71%
Жиынтығы:	13 046,57	100,00%	14 095,38	100,00%	8,04%

Инвестициялық қызметтің нәтижелері

Инвестициялық қызметтің нәтижесінде, сондай-ақ шетелдік валюталар бағамының құбылмалылығы салдарынан және қаржы құралдарының нарықтық құнының өзгеруі нәтижесінде 2022 жылдың басынан бастап есептелген инвестициялық табыс көлемі оң болды және 741,96 млрд. теңгені құрады.

Геосаяси ахуалдың шиеленісуі, жаһандық қаржы нарықтарындағы құбылмалылықтың күшеюі, инфляцияның жеделдеуі, сондай-ақ дамыған және дамушы елдердің облигациялары бойынша кірістіліктің өсуі аясында 2022 жылдың басынан бастап салымшылардың (алушылардың) шоттарына бөлінген БЖЗҚ зейнетақы активтерінің кірістілігі 5,34% құрады.

Бұл ретте 2022 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша БЖЗҚ салымшылары (алушылары) үшін соңғы 12 айға (2021 жылғы қазаннан бастап 2022 жылғы қыркүйекке дейін) зейнетақы активтерінің кірістілігі 7,52% құрады.

Зейнетақы активтерін шоғырландыру аяқталған 2014 жылғы сәуірден бастап 2022 жылғы қыркүйекке дейінгі кезең үшін жинақталған кірістілік 113,50% құрады. 2014 жылдан бастап 2021 жылға дейінгі 8 жыл үшін БЖЗҚ зейнетақы активтерінің кірістілігі жылдық 9,68% құрайды.

Көрсетілген кезеңге есептелген инвестициялық кіріс құрылымы 3-кестеде көрсетілген.

3-кесте. ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА бойынша алынған инвестициялық кіріс құрылымы
млрд. теңге

Атауы	2022 жыл үшін инвестициялық кіріс
Бағалы қағаздар, орналастырылған салымдар және «кері РЕПО» операциялары бойынша сыйақы түріндегі және бағалы қағаздарды қайта бағалаудан түскен кірістер	532,01
Шетелдік валютаны қайта бағалаудан кірістер (шығындар)	265,76
Сыртқы басқарудағы активтер бойынша кірістер (шығындар)	-67,19
Басқа кірістер (шығындар)	11,38
Жиыны:	741,96

Инвестициялық декларация параметрлерін сақтау туралы ақпарат

Сенімгерлік басқарудағы БЖЗҚ ЗА құрылымдық үлестіруі БЖЗҚ Инвестициялық декларациясының² талаптарына сәйкес келеді. Валюталық позициялар үлесі рұқсат етілген деңгей шегінде қалады және БЖЗҚ Инвестициялық декларациясының талаптарын бұзбайды. 2022 жылғы 01 қазандағы жағдай бойынша БЖЗҚ ЗА бойынша инвестициялау лимиттерін сақтау туралы деректер 4-кестеде көрсетілген.

4-кесте. БЖЗҚ ЗА бойынша инвестициялау лимиттері

№	Қаржы құралының түрі	Нақты мәні (зейнетақы активтерінен пайызбен)	Орындалуы (иә/жоқ)
	КЗТ ақшалай қаражат	0,02%	иә
	Шетелдік валютадағы ақшалай қаражат	0,14%	иә
1	Қазақстандық эмитенттер:	68,34%	
1.1	Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары	45,95%	иә
1.1.1	Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары	0,0%	иә
1.2	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің депозиттері	1,04%	иә
1.3	Квзимемлекеттік сектор субъектілерінің бағалы қағаздары	13,77%	иә
1.4	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «В» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтинг бағасы бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің қаржы құралдары, оның ішінде:	7,42%	иә
1)	Борыштық бағалы қағаздар	5,97%	иә
2)	Үлестік бағалы қағаздар	0,05%	иә
3)	депозиттер	1,40%	иә
1.5	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «В-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік секторы мен екінші деңгейдегі банктері субъектілерінің борыштық бағалы қағаздарын қоспағанда мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары	0,00%	иә
1.5.1	Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігі және/немесе кепілдемесімен шығарылған мемлекеттік емес борышты бағалы қағаздары	0,0%	иә
1.6	Қазақстан қор биржасының ресми тізімінің бірінші санатына кіретін Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік секторы мен екінші деңгейдегі банктері субъектілерінің үлесті бағалы қағаздарын қоспағанда мемлекеттік емес үлесті бағалы қағаздары	0,16%	иә
1.7	Қазақстан қор биржасының және (немесе) АХКО биржасының ресми тізіміне енгізілген ислам қаржыландыру құралдары	0,0%	иә
1.8	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «ВВ-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар жылжымайтын мүлік (МБС) және активтердің (АБС) кепіліне бағалы қағаздар	0,0%	иә
2	Шетелдік эмитенттер:	29,55%	иә

² Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Басқармасының 2020 жылғы 24 ақпандағы № 10 қаулысымен бекітілген БЖЗҚ Инвестициялық декларациясы

2.1	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар халықаралық қаржы ұйымдарының мемлекеттік, агенттік және бағалы қағаздары	15,68%	иә
2.2.	Мемлекеттік және агенттік бағалы қағаздарға инвестициялау аясындағы муниципалды бағалы қағаздар	0,0%	иә
2.3	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар корпоративтік борыштық бағалы қағаздар	4,41%	иә
2.4	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар жылжымайтын мүлік (MBS) және активтері (ABS) кепілдігіне бағалы қағаздар	0,0%	иә
2.5	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар корпоративтік бағалы қағаздарға инвестициялау аясында конвертацияланатын бағалы қағаздар	0,0%	иә
2.6	Акциялар, акцияларға депозитарлық колхаттар	4,46%	иә
2.7	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «A-» төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар шетелдік банктердегі депозиттер (салымдар)	4,92%	иә
2.8	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-» төмен емес рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар ұйымдар шығарған құрылымдық өнімдер	0,08%	иә
2.9	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-» төмен емес рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар ислам қаржыландыру құралдары	0,13%	иә

№	Қаржы құралының түрі	Нақты мәні (3А жалпы көлемінен пайызбен)	Орындалуы (иә/жоқ)
1	Туынды қаржы құралдары, олардың:	0,00%	иә
1.1	Инвестициялық тәуекелді хеджирлеу мақсатында пайдаланылатын туынды қаржы құралдары	0,00%	иә
1.2	Инвестициялау мақсатында пайдаланылатын туынды қаржы құралдары	0,00%	иә
1.3	Құймадағы және металл шоттардағы алтын	0,0%	иә

БЖЗҚ 3А инвестициялық портфеліндегі қаржы құралдарды сатып алу, сату және өтеу бойынша ақпарат

5-кесте. Есептік айда қаржы құралдарын сатып алу бойынша мәліметтер

Құрал түрі	Валюта	Бағалы қағаздар эмитенті	Теңгемен номинал құны
ҚР МБҚ	KZT	ҚР Үкіметі	195 100 000 000
АҚШ МБҚ	USD	АҚШ Үкіметі	148 135 620 000
Жиыны			343 235 620 000

6-кесте. Есептік айдағы бағалы қағаздардың негізгі борышын өтеу жөніндегі мәліметтер

Құрал түрі	Валюта	Бағалы қағаз эмитенті	Теңгемен өтеу сомасы
АҚШ МБҚ	USD	АҚШ Үкіметі	118 117 500 000
ХҚҰ облигациялары	KZT	Еуропалық Даму банкі	19 300 000 000
Жиыны			137 417 500 000

7-кесте. Есептік айда салымдарға орналастырулар бойынша мәліметтер

Құрал түрі	Валюта	Банк атауы	Теңгемен мәміле сомасы
Салым	USD	DBS Bank	164 361 900 000
Салым	USD	Societe Generale	118 117 500 000
Жиыны			282 479 400 000

8-кесте. Есептік айда салымдар бойынша негізгі борыштарды өтеу бойынша мәліметтер

Құрал түрі	Валюта	Бағалы қағаз эмитенті	Теңгемен өтеу сомасы
Салым	USD	DBS Bank	206 306 100 000
Салым	USD	Credit Agricole	95 474 000 000
Жиыны			301 780 100 000